



ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ОНЫНШЫ ОТЫРЫС

Анкара, 2023 жылғы 9 наурыз

ЕСЕП

ТҮРКПА-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ 15 ЖЫЛДЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

I. КІРІСПЕ

Қырғызстанның Чолпон-Ата қаласында өткен Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының (ТҮРКПА) он бірінші пленарлық отырысында қабылданған 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес ТҮРКПА Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссиясының оныншы отырысын Түркияда ұйымдастыру туралы шешім қабылданды және күнтізбеге енгізілді. Отырыс тақырыбы «ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер арасындағы 15 жылдық ынтымақтастығы» деп таңдалды.

Түркі мемлекеттерінің Парламенттік Ассамблеясы (ТҮРКПА) көпжақты қатынастарға негізделген тәуелсіз Түркі мемлекеттерінің парламентаралық институты болып табылады. Осыған байланысты ол парламенттер арасындағы көпжақты қатынастардың институционалды өлшемі болып табылады. ТҮРКПА басқа халықаралық парламенттік институттар сияқты парламенттік дипломатияның көрінісі болып табылады. Бүгінгі күні ТҮРКПА өңірлік проблемаларды қадағалап, өңірлік интеграция үшін заңнама мен саясатты үйлестіреді. Сонымен қатар,

заңнама бойынша ұсыныстар енгізу, сайлауды бақылау және тиісті басқару мәселелері де ТҮРКПА-ның жұмыс алаңына кіреді.

ТҮРКПА өңірлік халықаралық ұйым болумен қатар, парламенттік дипломатияның халықаралық құндылықтарын тасушысы тұрғысынан да маңызды.

Осы есеп ТҮРКПА-ның мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа 15 жылдық тарихи үдерістегі әсерін бағалау үшін ақпарат жинауға бағытталған. ТҮРКПА іс-шараларын төрт бөлім бойынша біріктіруге болады:

- 1) пленарлық отырыстар;
- 2) комиссиялардың жұмысы;
- 3) сайлауды бақылау;
- 4) Түркі ынтымақтастығы институттарының қызметін үйлестіру;
- 5) халықаралық қатынастар саласындағы қызмет.

ТҮРКПА өткен он бес жылдық кезеңде қарым-қатынас пен ынтымақтастық негізінде пайда болған тәжірибесімен мүше елдердің ортақ болашағының идеяларын нәрлендіреді. ТҮРКПА ортақ күн тәртібін айқындау және осы ынтымақтастықтың қосымша құндылығын жасау арқылы өңірлік және жаһандық парламенттік ынтымақтастықтың жедел ұйғарымы мен тиімділігін арттыруды қолдайды.

1. Пленарлық отырыстар

Қазіргі уақытта ТҮРКПА аясында Бас ассамблеяның жалпы он бір отырысы өткізілді. Бас Ассамблея жоғарғы басқару органы болып табылып, құрамына делегация ретінде Тараптардың ұлттық парламенттерінің басшыларынан тұратын Ассамблея Кеңесі кіреді. Әрбір парламенттік делегацияның тең құқықтары, бір дауысы бар және барлық шешімдер жылына кемінде бір рет жиналатын Бас Ассамблеяда бірауыздан қабылданады.

Бұдан басқа, Бас Ассамблеяда өткізілетін тұсаукесер рәсiмiнде мемлекеттердiң заңдарына адалдықтың маңызды қағидаты аясында Түркі мемлекеттері арасындағы байланыстарды нығайтуға және қарым-

қатынастарды дамытуға үлес қосқандар медальдармен және медальдық сертификаттармен марапатталады.

а) ТҮРКПА-ның бірінші пленарлық отырысы (Баку, 2009 жылғы 29 қыркүйек)

Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының (ТҮРКПА) алғашқы пленарлық отырысы 2009 жылғы 29 қыркүйекте Әзербайжан Республикасының астанасы Бакуде өтті.

Отырысқа Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің Төрағасы Оқтай Асадов мырза, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Орал Мұхамеджанов мырза, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Айдибай Тагаев мырза, Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Спикері Мехмет Али Шахин мырза, мүше мемлекеттердің депутаттары және парламенттердің әкімшілік қызметкерлері қатысты.

Бас Ассамблеяда ТҮРКПА Регламенті, Хатшылықтың Регламенті, сондай-ақ Бас хатшы мен Бас хатшының орынбасарларын сайлау талқыланды. Кездесуде сөз сөйлегендер күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіріп, ұсыныстар енгізді. Келіссөздер нәтижесінде ТҮРКПА Регламенті, Хатшылықтың Регламенті, және ТҮРКПА жылдық бюджеті қабылданды. Сонымен қатар, Баку декларациясы қабылданды.

б) ТҮРКПА-ның екінші пленарлық отырысы (Астана, 2011 жылғы 27-28 сәуір)

ТҮРКПА-ның екінші пленарлық отырысы 2011 жылғы 27-28 сәуірде Қазақстан Республикасының елордасы Астанада өтті.

Пленарлық отырыс Әзербайжан, Қазақстан және Қырғызстан тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналды.

Пленарлық отырыс Әзербайжан Республикасының Милли Меджлисінің Спикері Оқтай Асадовтың, Қазақстан Республикасы Парламентінің Спикері Орал Мұхамеджановтың, Қазақстан Республикасы Сенатының Төрағасы Қайрат Мамидің, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Ахматбек Келдібековтың, Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Спикері Мехмет Али Шахиннің және парламенттік делегациялардың қатысуымен өтті. Ассамблеяның Кеңесінде ТҮРКПА-ға төрағалық ету Әзербайжан Республикасынан Қазақстан Республикасына өтті.

Сонымен қатар, Ислам ынтымақтастығы конференциясы ұйымының Парламенттік Одағының Бас хатшысы Махмуд Эрол Кылыч, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Елші Халил Акынджы, Азиядағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту шаралары ұйымының Бас хатшысының орынбасары Серхад Асет мырза, Бас хатшы Фырат Пурташ мырза да арнайы қонақ ретінде қатысты.

Пленарлық отырыста 2011-2012 жылдарға арналған Хатшылықтың бюджеті, басқару жарғысына және Хатшылықтың Регламентіне қосымшалар мен түзетулер, ТҮРКПА ресми туы мен эмблемасы қабылданды. Сонымен қатар, ТҮРКПА-ның төрт жаңа тұрақты комиссиясы құрылды. Жаңа Регламент тұрақты комиссиялардың өкілеттіктері мен қызмет бағыттарын шын мәнінде анықтайды.

Ыстамбұл Келісіміне жаңа толықтырулармен БҰҰ-ның ресми тілдерінің бірі ағылшын тілі ТҮРКПА-ның ресми тілдеріне айналды және ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер делегацияларының саны жетіден тоғызға дейін ұлғайтылып, Қазақстан Республикасы Сенатының Төрағасы ТҮРКПА Ассамблея Кеңесінің мүшелік құрамына енгізілді.

с) ТҮРКПА-ның үшінші пленарлық отырысы (Бішкек, 2012 жылғы 14-15 маусым)

Үшінші Ассамблея Кеңесі мен ТҮРКПА Бас Ассамблеясы 2012 жылғы 14-15 маусымда Қырғызстанның астанасы Бішкекте өтті.

Пленарлық отырысқа Әзербайжан Милли Меджлисінің Төрағасы Октай Асадов мырза бастаған Әзербайжанның ресми делегациясы, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин мырза бастаған Қазақстан Республикасының делегациясы, Қырғызстан Жогорку Кенешінің Төрағасы Асылбек Жээнбеков мырза бастаған Қырғыз Республикасының делегациясы және Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Төрағасы Джемиль Чичек мырза басқарған Түркия Республикасының делегациясы, сондай-ақ Түркі мемлекеттері ұйымының, ИЫҰ ПО, ҚТЭЫҰ ПА және ТӘМБ халықаралық ұйымдарының өкілдері қатысты. ТҮРКПА төрағалығы Қазақстан Республикасынан Қырғыз Республикасына ауысты.

ТҮРКПА Сайлауды бақылау жөніндегі миссиясының Түркияда, Қырғызстанда және Қазақстанда өткен президенттік және парламенттік сайлауларға қатысты қорытынды шешімдері жарияланды. Бас

Ассамблеяның сессиясында Хатшылықтың 2013 жылға арналған бюджетінің жобасы бекітілді. Отырыстың соңында тұрақты комиссиялар төрағаларының орынбасарлары сайланып, Бішкек декларациясы қабылданды.

d) ТҮРКПА-ның төртінші пленарлық отырысы (Анкара, 2013 жылғы 11-12 маусым)

ТҮРКПА-ның төртінші пленарлық отырысы 2013 жылғы 11-12 маусымда Түркия Республикасының астанасы Анкарада өтті.

Пленарлық отырыс Ыстамбұл келісімі мен ТҮРКПА құрылуының 5-жылдығына арналды.

Пленарлық отырысқа Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің (Парламентінің) Төрағасы Октай Асадов мырза бастаған Әзербайжан Республикасының делегациясы, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин мырза бастаған Қазақстан Республикасының делегациясы, Қырғызстан Жогорку Кенешінің (Парламентінің) Төрағасы Асылбек Жээнбеков мырза бастаған Қырғыз Республикасының делегациясы, Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Төрағасы Джемиль Чичек мырза бастаған Түркия Республикасының делегациясы қатысты. Сонымен қатар, пленарлық отырысқа Мажарстан Мемлекеттік Жиналысының, ИЫҰ ПО, Түркі мемлекеттері ұйымының, ТҮРКСОЙ, Азиядағы ынтымақтастық және өзара сенім шаралары жөніндегі кеңесінің (АЫӨСШК), ҚТЭЫҰ ПА және Дүниежүзілік Түркі жастары одағының өкілдері қатысты.

Пленарлық отырыста Бас хатшылықтың 2014 жылға арналған бюджеті қабылданды. Төрт жыл бойы өз міндеттерін орындайтын жаңа Бас хатшы мен Бас хатшының орынбасарлары сайланды.

e) ТҮРКПА-ның бесінші пленарлық отырысы (Баку, 2014 жылғы 12-13 маусым)

ТҮРКПА-ның бесінші пленарлық отырысы 2014 жылғы 12-13 маусымда Әзербайжан Республикасының астанасы Бакуде өтті.

Пленарлық отырысқа Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Қабиболла Жақыпов мырза, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Асылбек Жээнбеков мырза және Түркия Ұлы Ұлттық

Жиналысының Спикері Джемилъ Чичек мырза қатысты. ТҮРКПА төрағалығы Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысынан Әзербайжан Республикасының Милли Меджлисіне өтті.

Бас Ассамблеяның отырысында Ассамблея Кеңесінің құрылымы, ТҮРКПА тұрақты комиссияларының құрылымы «Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссия», «Халықаралық қатынастар және құқықтық мәселелер жөніндегі комиссия» және «Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссия» болу ұсынысы мақұлданды. «Қоршаған орта және табиғи ресурстар жөніндегі комиссия» құру туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, 2015 жылға арналған ТҮРКПА бюджеті қабылданды. Күн тәртібінде Әзербайжанда өткен президенттік сайлауға бақылау болды.

f) ТҮРКПА алтыншы пленарлық отырысы (Астана, 2015 жылғы 3-4 желтоқсан)

ТҮРКПА-ның алтыншы пленарлық отырысы 2015 жылғы 3-4 желтоқсанда Қазақстанның елордасы Астанада өтті.

Отырысқа Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің (Парламентінің) Төрағасы Оқтай Асадов мырза, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Асылбек Жээнбеков мырза, Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Вице-спикері Ахмет Айдын мырза және ТҮРКПА-да бақылаушы ретінде Мажарстан Мемлекеттік Жиналысы Төрағасының орынбасары Марта Матрай ханым қатысты.

Отырысқа Түркі мемлекеттері ұйымының, ТҮРКСОЙ, ТМД ПАА, Түркі академиясының, Түркі әлемінің инженерлері мен сәулетшілер одағының, Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы Парламенттік Ассамблеясының (ҚТЭЫ ПА) және Халықаралық көші-қон ұйымының (ХКҰ) өкілдері қатысты.

Кеңес отырысы барысында төрағалық Әзербайжан Милли Меджлисінен Қазақстан Парламенті Мәжілісіне өтті.

Кеңес отырысы ТҮРКПА «Еңбегі үшін» медалін табыстаумен де ерекшеленді. Әзербайжан Милли Меджлисінің Төрағасы Оқтай Асадов, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Қабиболла Жақыпов, Қырғызстан Жогорку Кенешінің Төрағасы Асылбек Жээнбеков және Ұлы Ұлттық Жиналыстың Спикері Исмаил Каһраман Түркі елдері

халықтарының арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін медальдармен марапатталды.

Алтыншы пленарлық отырыстың күн тәртібіне ТҮРКПА қызметі туралы жылдық есеп, тұрақты комиссиялардың төрағалары мен төрағаларының орынбасарларын сайлау, аталған комиссиялардың есептері мен ұсынымдарын бекіту, сондай-ақ мүше елдердегі президенттік және парламенттік сайлаулар туралы ТҮРКПА халықаралық сайлауды бақылау жөніндегі миссиясының есептері кірді. Сессия Астана декларациясының қабылдануымен аяқталды.

g) ТҮРКПА-ның жетінші пленарлық отырысы (Бішкек, 2017 жылғы 8 желтоқсан)

ТҮРКПА-ның жетінші пленарлық отырысы 2017 жылғы 8 желтоқсанда Қырғызстан астанасы Бішкекке «Парламенттердегі ашықтық: шешім қабылдау үдерісіндегі жаңа технологиялар» атты басты күн тәртібімен шақырылды.

Отырысқа Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Дастанбек Жумабеков мырза, Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің (Парламентінің) Төрағасы Октай Асадов мырза, Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Спикері Исмаил Каһраман мырза, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары Гүлмира Исимбаева ханым, сондай-ақ ТҮРКПА-да бақылаушы ретінде Мажарстан Мемлекеттік Жиналысы Төрағасының орынбасары Иштван Якаб мырза, құрметті қонақ ретінде Олий Мажлистің Заң шығару палатасының Вице-спикері Нариман Омаров мырза басқарған Өзбекстан парламенттік делегациясы қатысты. Өзбекстаннан келген делегация алғаш рет ТҮРКПА пленарлық отырысына қатысты. Төрағалық Қазақстан Парламенті Мәжілісінен Қырғыз Республикасының Жогорку Кенешіне өтті.

Отырысқа Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің (ТМЫК), ТҮРКСОЙ, ТМД ПАА, Түркі академиясының, Түркі әлемінің инженерлері мен сәулетшілер одағының, Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы Парламенттік Ассамблеясының (ҚТЭЫ ПА) және Халықаралық көші-қон ұйымының (ХКҰ) өкілдері қатысты.

Пленарлық отырыста Бас хатшы мен Бас хатшының орынбасарлары сайланды. Сонымен қатар, ТҮРКПА комиссияларының төрағалары мен

төрағаларының орынбасарлары бекітілді. Отырыстың соңында Ала-Арча декларациясына қол қойылды.

h) ТҮРКПА-ның сегізінші пленарлық отырысы (Измир, 2018 жылғы 20-21 қараша)

ТҮРКПА-ның сегізінші пленарлық отырысы 2018 жылдың 20-21 қарашасында Измирде өтті.

Отырысқа Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің Төрағасы Оқтай Асадов мырза, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин мырза, Қырғыз Республикасы Жокорку Кенешінің Төрағасы Дастанбек Жумабеков мырза, Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Спикері және ТҮРКПА Іс-басындағы Төрағасы Бинали Йылдырым мырза, сондай-ақ ТҮРКПА-да бақылаушы ретінде Мажарстан Мемлекеттік Жиналысының Төрағасы Лашло Ковер мырза және қонақ ретінде Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығару палатасы Спикерінің орынбасары Хатамжон Кетмонов мырза қатысты.

Түркі мемлекеттері ұйымының, ТҮРКСОЙ, Түркі мәдениеті мен мұрасы халықаралық қорының, Ислам ынтымақтастығы ұйымының, Ислам ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттер Парламенттік Ассамблеясының (ИЫҰ ПА), Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы Парламенттік Ассамблеясының (ҚТЭЫ ПА), сондай-ақ Түркі әлемінің инженерлер мен сәулетшілері одағының, Ахмет Яссауи Университетінің және Дүниежүзілік Түркі жастары одағының өкілдері отырысқа қатысты.

ТҮРКПА комиссиялары отырыстарының есептері мен ұсынымдары, сондай-ақ Әзербайжандағы президенттік сайлау және Түркиядағы президенттік және парламенттік сайлау туралы ТҮРКПА халықаралық бақылаушылар миссиясының есептері қабылданды. Отырыстың соңында Измир декларациясы сегізінші пленарлық сессияның қорытынды құжаты ретінде қабылданды.

i) ТҮРКПА-ның тоғызыншы пленарлық отырысы (Баку, 2019 жылғы 18 желтоқсан)

ТҮРКПА тоғызыншы Бас Ассамблеясы 2019 жылдың 18 желтоқсанында Бакуде өтті. Отырыстың басты тақырыбы «Түркі әлеміндегі парламенттік дипломатия: бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін өңірлік ынтымақтастықты нығайту» болды.

Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің Төрағасы және ТҮРКПА Іс-басындағы Төрағасы Оқтай Асадов мырза, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин мырза, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Дастанбек Жумабеков мырза, Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Спикері Мустафа Шентоп мырза, сондай-ақ іс-шараға қонақ ретінде Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Спикері Танзила Нарбаева ханым қатысты. Отырысқа парламенттік делегациялар, Түркітілдес мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесі (ТМЫК), ТҮРКСОЙ, Халықаралық Түркі академиясы, Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры сияқты Түркі ынтымақтастығы институттары мен Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы Парламенттік Ассамблеясы (ҚТЭЫ ПА), ИЫҰ мүше мемлекеттердің Парламенттік Одағы (ИЫҰ ПА), ТМД Парламентаралық Ассамблеясы (ТМД ПАА), ГУАМ және Түркі әлемінің әйелдер платформасы сияқты халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Отырыста Комиссия отырыстарының есептері мен ұсынымдары, Қазақстандағы кезектен тыс президенттік сайлау туралы Сайлауды бақылау жөніндегі миссияның есебі, Хатшылықтың Регламентін және Сайлауды бақылау туралы ережені қайта қарау қабылданды.

Отырыста «Түркі әлемінің материалдық емес мәдени мұрасын қорғау туралы» және «Туризм туралы» модельдік заңдар қарастырылып, қабылданды. Әйел парламентшілер тобы және Жас парламентшілер тобы құрылды. Пленарлық отырыстың соңында Баку декларациясы қабылданды.

ж) ТҮРКПА-ның оныншы пленарлық отырысы (Түркістан, 2021 жылғы 28 қыркүйек)

ТҮРКПА-ның оныншы пленарлық отырысы 2021 жылғы 28 қыркүйекте Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістанда өтті. Бас Ассамблеяның тақырыбы «Түркі парламентаралық ынтымақтастығының көкжиегі» болды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы және ТҮРКПА Іс-басындағы Төрағасы Нұрлан Нығматулин мырза алғы сөз сөйледі. ТҮРКПА мүше парламент басшылары – Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің Төрайымы Сагиба Гафарова ханым, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Талант Мамытов мырза,

Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Спикері Мустафа Шентоп мырза, сондай-ақ бақылаушы ретінде Мажарстан Мемлекеттік Жиналысы Төрағасының бірінші орынбасары Марта Матрай ханым және қонақ ретінде Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисiнiң Заң шығару палатасы Спикерiнiң орынбасары Улукбек Инояттов мырза пленарлық отырыста сөз сөйледi.

Түркі мемлекеттерінің ұйымы, ТҮРКСОЙ, Халықаралық Түркі академиясы, Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы ұйымының Парламенттік Ассамблеясы, Ислам ынтымақтастығы ұйымының Парламенттік Одағы, ТМД ПАА, Азиядағы ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті және Манас Қырғыз-Түрік университеті сияқты Түркі ынтымақтастығы институттары және бақылаушы ұйымдар отырысқа қатысты.

ТҮРКПА тұрақты комиссияларының Төрағасы мен Төрағасының орынбасарларын сайлау бекітілді. Сонымен қатар, жиналыста Бас хатшы мен Бас хатшының орынбасарлары сайланды. Пленарлық отырыс Түркістан декларациясының қабылдануымен аяқталды.

к) ТҮРКПА-ның он бірінші пленарлық отырысы (Чолпон-Ата, 2022 жылғы 24 маусым)

Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеші ұйымдастырған ТҮРКПА-ның он бірінші пленарлық отырысы 2022 жылғы 24 маусымда Чолпон-Атада өтті. Пленарлық отырыс «Парламенттік дипломатия: сенім мен серіктестіктің негізі» деген атпен шақырылды.

Отырысқа Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің Төрайымы Сагиба Гафарова ханым, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов мырза, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Талант Мамытов мырза және Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Спикері Мустафа Шентоп мырза қатысты.

Ассамблея Кеңесінің отырысында Қырғызстан Ассамблеясының Спикері Мамытов ТҮРКПА төрағалығын Қазақстаннан қабылдады. Бас Ассамблеяда Түркітілдес мемлекеттер Парламенттік Ассамблеясының (ТҮРКПА) атауы Түркі мемлекеттерінің Парламенттік Ассамблеясы (ТҮРКПА) болып өзгертілді. 2023 жылғы 27-29 сәуірде Ыстамбұлда

ТҮРКПА-ның 12-ші пленарлық сессиясын өткізу туралы шешім қабылданды.

Отырыстың соңында ТҮРКПА 11-ші Бас Ассамблеяның Чолпон-Ата декларациясына қол қойылды.

2. Комиссиялардың жұмысы

ТҮРКПА-да құзыретіне сәйкес бөлінген төрт тұрақты комиссия өз жұмысын атқарады. 2011 жылдың екінші жартысында мамандандырылған комиссиялар өз жұмысын бастады. Комиссиялар ұсынған алғашқы есептер үшінші пленарлық отырыстың күн тәртібіне енгізілді.

Комиссиялар мәселелерді өз құзыреті шегінде қарайды және құжаттарды есептер мен ұсынымдық шешімдер нысанында дайындап, пленарлық отырысқа ұсынады.

2.1. Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссия

Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның бірінші отырысы 2011 жылғы 19-21 желтоқсанда Анкарада өтті. Отырыста «ТҮРКПА мүше парламенттерінің Конституциялық жүйедегі міндеттері және депутаттардың рөлі» тақырыбындағы есеп пен ұсыным талқыланды.

Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның екінші отырысы 2012 жылғы 4-7 қарашада Бакуде өтті. Отырыста «ТҮРКПА мүше парламенттерінің регламенттері және парламенттердің өкілеттіктері» және «ТүркПА мүше мемлекеттерінің заңнамалық мәселелердегі ынтымақтастығы» тақырыбындағы есептер мен ұсынымдар талқыланды.

Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның үшінші отырысы 2014 жылғы 28 сәуірде Астанада өтті. Қазақстан Парламентінің депутаты және Комиссия төрағасының орынбасары Нұрлан Әбдіров мырзаның төрағалығымен өткен отырысқа ТҮРКПА-ға мүше елдердің депутаттары, сараптамалық делегациялары мен дипломатиялық миссиялардың өкілдері қатысты. Комиссия отырысының алдында парламенттік сарапшылар ұйымдастырған

кездесуде ТҮРКПА құрылтай құжаттары және басқа да құқықтық құжаттар бойынша пікірлер мен ұсыныстар талқыланды.

Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның төртінші отырысы 2015 жылғы 29 сәуірде Бішкекте өтті. Депутаттардың қатысуымен қатар, Қырғызстан Парламентінде өткен Комиссия отырысына Әзербайжан, Қазақстан және Түркияның елшілері мен мүдделі тараптары қатысты. Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссия Төрағасы, Парламент депутаты Халук Ипек мырзаның төрағалығымен өткен отырыстың күн тәртібі «ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердегі сайлау, сайлау жүйелері және сайлауды бақылау жөніндегі Ассамблеяның қызметі» тақырыбындағы есеп пен ұсынымдардан құралды.

Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның бесінші отырысы 2016 жылдың 17 мамырында Анкарада өтті. Отырысты Парламент депутаты және Комиссия төрағасы Халук Ипек мырзаның төрағалығымен өтті. Отырысқа Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркиядан келген Парламент депутаттары мен сарапшылар қатысты. «Киберқылмыспен күрес: мүше мемлекеттер арасындағы құқықтық база мен ынтымақтастықты жетілдіру» атты негізгі күн тәртібі талқыланды. Бұдан басқа, ТҮРКПА-ның қаржылық құжаттары, «Еңбегі үшін» медальдар туралы ереже және 2016 жылғы 18 наурызда Анкарада өткен Заңнаманы үйлестіруді зерттеу жөніндегі екінші кеңестің нәтижелері талқыланды.

2018 жылғы 31 қазанда Бакуде Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның алтыншы отырысы өтті. Отырыс Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркиядан келген депутаттар мен сарапшылардың қатысуымен өтті. Отырыстың күн тәртібіндегі негізгі тармақ «ТҮРКПА-ға мүше елдердің терроризмге қарсы заңнамаға ортақ көзқарасын орнату» болды.

Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның жетінші отырысы 2019 жылғы 1 наурызда Астанада өтті. Отырысқа мүше елдердің депутаттары мен сарапшылары, мүше елдердің тиісті министрліктерінің өкілдері, сондай-ақ Халықаралық Түркі академиясы және Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті сияқты басқа мекемелердің өкілдері жиналды. Кездесудің

күн тәртібіндегі негізгі тармақ ретінде «ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердегі жоғары білім берудегі эквиваленттілік процесі» мәселесі қаралды. «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» модельдік заң жобасы талқыланып, пленарлық отырыстың қарауына жіберілді.

Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның сегізінші отырысы 2021 жылғы 20 қыркүйекте онлайн форматта өтті. Отырысқа Комиссия мүшелері мен Хатшылық өкілдері қатысты. Кездесудің модераторы Қазақстан Парламентінің депутаты және Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссия Төрағасының орынбасары Сауытбек Әбдірахманов мырза болды. Қатысушылар «ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер арасында туризмді дамыту: COVID-19 індетінің әсері және болашақтан үміт» тақырыбын талқылады.

Құқықтық мәселелер және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссияның тоғызыншы отырысы виртуалды түрде 2022 жылғы 9 маусымда өтті. Кездесу «Парламенттердің сыртқы саяси ынтымақтастықтағы рөлі» деген атпен өтті. Комиссия Төрағасы және Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысының депутаты Эрол Кайя мырзаның төрағалығымен өткен отырысқа Комиссияның депутаттары мен Хатшылық өкілдері қатысты. Комиссия Төрағасының орынбасары және Қазақстан Республикасы Парламенттік Ассамблеясының мүшесі Сауытбек Әбдірахманов мырза ұсынған есеп және Комиссия Төрағасы Эрол Кайя мырза ұсынған ұсынымдар бірауыздан қабылданды.

2.2. Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссия

Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссияның бірінші отырысы 2011 жылғы 24-25 қарашада Астанада өтті. Кездесуде Билге Қорқыт бағдарламасы және Түркі мемлекеттері арасындағы әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық қатынастардың жаңа процестері бойынша есептер мен ұсынымдар талқыланды.

Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссияның екінші отырысы 2013 жылдың 5 сәуірінде Анкарада өтті. Кездесуде «Түркі терминологиясының бірлескен қорын құруға қатысты негізгі мәселелер» бойынша есеп пен ұсыным жөнінде талқылау ашылды.

Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссияның үшінші отырысы 2014 жылғы 15 сәуірде Бішкекте өтті. Кездесуде Түркі мемлекеттерінің қарым-қатынасын нығайту мақсатында аударма қызметін ұйымдастыру, арнайы сөздер шығару және «Түркі тілдері күні» мәселелері талқыланды.

Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссияның төртінші отырысы 2014 жылдың 2 желтоқсанында Бакуде өтті. Әзербайжан Милли Меджлисінің депутаты және Комиссия Төрағасының орынбасары Севинч Гусейнова ханым модератор болған кездесуде ТҮРКПА-ға мүше елдер арасында ақпарат алмасуды кеңейту мәселесіне баға берілді.

Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссияның бесінші отырысы 2016 жылғы 24 мамырда Астанада өтті. Қырғызстан Парламентінің депутаты және Комиссия Төрағасы Садык Шер Нияз мырзаның төрағалығымен өткен отырысқа мүше елдердің депутаттары, Түркі мемлекеттері ұйымы мен ТҮРКСОЙ өкілдері қатысты.

Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссияның алтыншы отырысы 2018 жылғы 14 қыркүйекте Бішкекте өтті. Отырысқа Қырғызстан Парламентінің депутаты және Комиссия Төрағасы Садык Шер Нияз мырза төрағалық етті. Кездесу аясында Түркі киносы күндерінің ашылу салтанаты мен сарапшылар тобының отырысы өтті. Отырысқа Мәдениет министрліктерінің өкілдері, кинематографистер, ұлттық киностудиялардың өкілдері, аниматорлар мен киноаналитиктер жиналды. Кездесудің негізгі күн тәртібі «Түркі мемлекеттеріндегі Түркі мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде кино және анимация: заңнамалық аспектілер және имплементация» болды.

Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссияның жетінші отырысы 2019 жылдың 16 мамырында Анкарада өтті. Кездесудің негізгі күн тәртібі «Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты Даму Мақсаттары шеңберіндегі гендер: ТҮРКПА елдеріндегі қазіргі заманғы отбасылық құндылықтар» болды.

Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссияның сегізінші отырысы онлайн форматта 2021 жылдың 20

қыркүйегінде депутаттар мен Хатшылық өкілдерінің қатысуымен өтті. Кездесудің модераторы Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің депутаты және ТҮРКПА Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссиясы Төрағасының орынбасары Низами Джафаров мырза болды. Кездесудің басты тақырыбы «Пандемия кезіндегі ТҮРКПА-ға мүше елдердің ауылдық жерлеріндегі әлеуметтік жағдай» болды. Отырыста «Кинематографияға шетелдік инвестицияларды тарту және аудиовизуалды туындыларды шығару туралы» және «Кинематография туралы» модельдік заңдардың жобалары талқыланып, пленарлық отырыстың қарауына жіберілді.

2022 жылдың 22 сәуірінде Бакуде Әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық мәселелер жөніндегі комиссияның тоғызыншы отырысы өтті. Кездесудің негізгі күн тәртібі «ТҮРКПА елдеріндегі әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау» болды. «Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту туралы» модельдік заң жобасы талқыланып, пленарлық отырыстың қарауына жіберілді.

2.3. Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссия

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның бірінші отырысы 2011 жылғы 27-28 қазанда Бішкекте өтті. Кездесу «ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастыққа қатысты күтулері» атты басты тақырыпқа негізделді. Отырыстың күн тәртібіне қатысты қабылданған шешімдер бірауыздан қабылданып, пленарлық отырыстың күн тәртібіне енгізілді.

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның екінші отырысы 2013 жылдың 5 сәуірінде Анкарада өтті. Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысында өткен кездесуде «ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердегі инвестициялық ортаны жақсарту» бойынша есеп пен ұсынымдар талқыланды.

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 3-ші отырысы Бакуде өтті. Әзербайжанның Милли Меджлисінде өткен отырысқа Қазақстан, Қырғызстан, Түркия және қабылдаушы елдерден депутаттардан тұратын Комиссия мүшелері, Түркі мемлекеттері ұйымының және Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізі (ТРАСЕКА) Үкіметаралық комиссиясының өкілдері қатысты. Сонымен қатар, отырыс алдында көлік

министрлігі мен парламенттік комиссия өкілдерінің қатысуымен сараптамалық топтың отырысы өткізілді.

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның төртінші отырысы 2014 жылғы 10 қарашада өтті. Отырыс Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның Төрағасы және Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты Серік Қанаев мырзаның төрағалығымен өтті. Кездесудің негізгі күн тәртібі «Энергетика секторын дамыту саласындағы Түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық» болды.

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның бесінші отырысы Бішкекте 2017 жылғы 7 желтоқсанда ТҮРКПА-ның жетінші пленарлық сессиясы аясында өтті. Кездесудің негізгі күн тәртібі «Мүше мемлекеттердегі экономиканы әртараптандыру» болды.

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның алтыншы отырысы 2018 жылдың 27-28 қыркүйегінде Анкарада өтті. Кездесуде «ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердегі инновациялық кәсіпкерліктен үміт» атты негізгі күн тәртібі талқыланды.

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның жетінші отырысы 2019 жылдың 8 сәуірінде Бакуде өтті. Кездесудің негізгі күн тәртібі «Ортақ технологияларды дамыту: ТҮРКПА елдерінің ғылыми және іскер топтары арасындағы көпжақты ынтымақтастық» болды.

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның сегізінші отырысы 2021 жылғы 20 қыркүйекте онлайн форматта өтті. Кездесудің басты тақырыбы «Жасыл экономика», инновациялар мен цифрландыруды заңнамалық қолдау тәжірибесі» болды. Отырыста «Электрондық сауда туралы» модельдік заң жобасы талқыланып, пленарлық отырыстың қарауына жіберілді.

«Пандемиядан кейінгі экономика: ШОБ мемлекеттік қолдау» атты Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның тоғызыншы отырысы 2022 жылғы 20 мамырда Нұр-Сұлтанда өтті. Қарастыру барысында пандемия кезеңінде және пандемиядан кейінгі кезеңде шағын

және орта кәсіпорындарды қолдау үшін қабылданған шараларға қатысты мүше мемлекеттердің тәжірибесімен алмасу жүргізілді.

2.4. Қоршаған орта, табиғи ресурстар және денсаулық сақтау жөніндегі комиссия

Қоршаған орта, табиғи ресурстар және денсаулық сақтау жөніндегі комиссияның алғашқы отырысын 2015 жылдың 2 сәуірінде Әзербайжан Республикасының Милли Меджлисінің депутаты проф. доктор Ахлиман Амирасланов Анкарада өткізді. Кездесуде «Түркі мемлекеттеріндегі шөлейттенуге қарсы күрес» тақырыбы талқыланды.

2016 жылдың 24 қарашасында Бакуде Қоршаған орта, табиғи ресурстар және денсаулық сақтау жөніндегі комиссияның екінші отырысы өтті. Кездесуде «Жаһандық климаттың өзгеруі: ТҮРКПА-ға мүше елдердегі себептері мен салдары» тақырыбы талқыланды.

2017 жылғы 22 маусымда Астанада Қоршаған орта, табиғи ресурстар және денсаулық сақтау жөніндегі комиссияның үшінші отырысы өтті. Үшінші кеңестің күн тәртібіндегі негізгі тармақ: «Мүше елдерде баламалы энергия көздерін дамыту» болды. Кездесу Астанада жаңартылатын энергия көздері аясында өткізілген ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесімен байланысты болды.

2018 жылғы 14 қыркүйекте Бішкекте Қоршаған орта, табиғи ресурстар және денсаулық сақтау жөніндегі комиссияның төртінші отырысы өтті. Жиналыстың негізгі күн тәртібі «Генетикалық түрлендірілген организмдердің таралуының салдары» болды.

Қоршаған орта, табиғи ресурстар және денсаулық сақтау жөніндегі комиссияның бесінші отырысы 2019 жылғы 30 мамырда Бішкекте өтті. Кездесудің негізгі күн тәртібі «Табиғи ресурстарды экологиялық пайдалану: заңнамалық қолдау» болды. «Туризм туралы» модельдік заң жобасы талқыланып, пленарлық отырыстың қарауына жіберілді.

Қоршаған орта, табиғи ресурстар және денсаулық сақтау жөніндегі комиссияның алтыншы отырысы 2021 жылдың 20 қыркүйегінде онлайн форматта өтті. Отырыс Әзербайжан Республикасының Милли

Меджлисінің Денсаулық сақтау жөніндегі комиссиясының Төрағасы және ТҮРКПА Қоршаған орта және табиғи ресурстар жөніндегі комиссиясының Төрағасы Ахлиман Амирасланов мырзаның төрағалығымен өтті. Отырыста «Су ресурстары мен топырақты басқару» тақырыбы талқыланды. Бұдан басқа, «Энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану және энергия тиімділігі туралы» модельдік заң жобасы талқыланып, пленарлық отырыстың қарауына жіберілді.

Қоршаған орта, табиғи ресурстар және денсаулық сақтау жөніндегі комиссияның жетінші отырысы 2022 жылы 11 мамырда Анкарада өтті. Кездесудің күн тәртібіндегі негізгі мәселе «ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердегі денсаулық сақтау жүйелерін үйлестіру» болды.

3. Сайлауды бақылау

2010 жылдан бастап ТҮРКПА Сайлауды бақылау миссиясы мүше мемлекеттерде – Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркияда, сондай-ақ бауырлас Өзбекстан елінде президенттік, парламенттік сайлау мен референдумға мониторинг жүргізеді.

Сайлауды бақылау ТҮРКПА қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Миссиялар ТҮРКПА мүше елдер парламенттерінің депутаттарынан және ТҮРКПА Хатшылығының өкілдерінен тұрады.

ТҮРКПА бақылаушылары Орталық сайлау комиссияларының жоғары лауазымды тұлғаларымен және мүше елдердегі өкіметтегі лауазымды тұлғалармен сайлау алдында үнемі кездеседі. ТҮРКПА Сайлауды бақылау миссиясы сайлау процесін оның барлық кезеңдерінде бақылап, сайлау округтеріне барады және дайындық процесін бағалайды. Бақылау миссиясы сайлаудың барлық мүдделі тараптарымен, соның ішінде сайлаушылармен, сайлау округтерінің өкілдерімен, лауазымды тұлғалармен, саяси және қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен кездеседі.

Бақылаушылар 2005 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Халықаралық бақылаушылардың мінез-құлық кодексінде, Еуропа Кеңесінің Венеция комиссиясының ұсынымдарында және басқа да халықаралық нормаларда көрсетілген объективтілік, ашықтық және бейтараптық принциптерін сақтайды.

Бақылау миссиялары сайлау мен референдум нәтижелерін баспасөз мәслихаттары арқылы жұртшылықпен бөліседі. Қазіргі уақытта ТҮРКПА шеңберіндегі келесі жиырма бес сайлау процесінде сайлауды бақылау жүргізілді.

- i. Қазақстан Республикасындағы кезектен тыс президенттік сайлау (2022 жылғы 20 қараша)
- ii. Қазақстан Республикасының конституциялық референдумы (2022 жылғы 5 маусым)
- iii. Қырғыз Республикасындағы парламенттік сайлау (2021 жылғы 28 қараша)
- iv. Өзбекстан Республикасындағы президенттік сайлау (2021 жылғы 24 қазан)
- v. Қырғыз Республикасының конституциялық референдумы (2021 жылғы 11 сәуір)
- vi. Қырғыз Республикасындағы президенттік сайлау және басқару нысанын айқындау жөніндегі референдум (2021 жылғы 10 қаңтар)
- vii. Қазақстан Республикасындағы парламенттік сайлауы (2021 жылғы 10 қаңтар)
- viii. Әзербайжан Республикасындағы парламенттік сайлау (2020 жылғы 9 ақпан)
- ix. Қазақстан Республикасындағы кезектен тыс президенттік сайлау (2019 жылғы 9 маусым)
- x. Түркия Республикасындағы президенттік және парламенттік сайлау (2018 жылғы 24 маусым)
- xi. Әзербайжан Республикасындағы мерзімінен бұрын президенттік сайлау (2018 жылғы 20 сәуір)
- xii. Қырғыз Республикасындағы президенттік сайлау (2017 жылғы 15 қазан)
- xiii. Қазақстан Республикасының кезектен тыс парламенттік сайлауы және мәслихаттарға сайлау (2016 жылғы 20 наурыз)

- xiv. Түркия Республикасындағы мерзімінен бұрын жалпы сайлау (2015 жылғы 1 қараша)
- xv. Әзербайжан Республикасындағы парламенттік сайлау (2015 жылғы 1 қараша)
- xvi. Қырғыз Республикасындағы парламенттік сайлау (2015 жылғы 4 қазан)
- xvii. Түркия Республикасындағы жалпы сайлау (2015 жылғы 7 маусым)
- xviii. Қазақстан Республикасындағы кезектен тыс президенттік сайлау (2015 жылғы 26 сәуір)
- xix. Әзербайжан Республикасындағы президенттік сайлау (2013 жылғы 9 қазан)
- xx. Қазақстан Республикасындағы кезектен тыс парламенттік сайлау (2012 жылғы 15 қаңтар)
- xxi. Түркия Республикасындағы жалпы сайлау (2011 жылғы 12 маусым)
- xxii. Қырғыз Республикасындағы президенттік сайлау (2011 жылғы 30 қазан)
- xxiii. Қазақстан Республикасындағы кезектен тыс президенттік сайлау (2011 жылғы 3 сәуір)
- xxiv. Әзербайжан Республикасындағы парламенттік сайлау (2010 жылғы 7 қараша)
- xxv. Қырғыз Республикасының Жогорку Кенешіне сайлау (2010 жылғы 10 қараша)

4. Түркі ынтымақтастығы институттарының қызметін үйлестіру

Түркі мемлекеттерінің Парламенттік Ассамблеясы (ТҮРКПА) шоғырланған мәселелердің қатарына мүше мемлекеттер арасындағы саяси диалогты дамыту жатады. Осы бағытта ТҮРКПА Түркі әлемінде саяси бірлікті орнату бойынша жұмыс істейтін басқа да институционалдық тетіктерді белсенді қолдайды.

ТҮРКПА Түркі мемлекеттері арасындағы экономикалық, саяси және мәдени ынтымақтастықтың ортақ моделін құру мақсатында Түркі

мемлекеттері ұйымымен, ТҮРКСОЙ, Халықаралық Түркі академиясымен және Халықаралық Түркі мәдениеті мен мұрасы қорымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

ТҮРКПА Түркі ынтымақтастығы институттары арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға үлкен мән береді. Осы тұрғыда ол ынтымақтастық күн тәртібін тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Түркі ынтымақтастығы институттарының Үйлестіру комитетінің отырыстарына қатысады.

ТҮРКПА Түркі мемлекеттерінің ұйымы, ТҮРКСОЙ, Түркі академиясы және Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры сияқты бауырлас ұйымдармен ынтымақтастықты жалғастыра отырып, Түркі әлемі муниципалитеттерінің одағы, Түркі әлемінің инженерлері мен сәулетшілерінің одағы, Ахмет Яссауи университеті және «Манас» Қырғыз-Түрік университеті сияқты ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс істейді.

5. Халықаралық қатынастар саласындағы қызмет

ТҮРКПА аймақтағы бейбітшілікті, сенім мен достықты және халықаралық қоғамдық пікірді нығайту үшін парламенттік дипломатияны пайдаланады. ТҮРКПА құрылғаннан бері халықаралық ынтымақтастықты дамытып келеді және оның аймақтық және жаһандық халықаралық қатынастар жүйесінде көрінуі оның қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Стратегия құжатында көрсетілгендей, оның қызметі халықаралық ынтымақтастықты жан-жақты дамытуға және жетекші халықаралық ұйымдармен байланысуға және олармен сындарлы ынтымақтастық мүмкіндіктерін іздеуге бағытталған.

Сонымен қатар ТҮРКПА Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ), Еуропалық парламент, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы және Ислам ынтымақтастығы Ұйымының Парламенттік Одағы (ИЫҰ ПО) сияқты аймақтық ұйымдарға қатысты парламентаралық дипломатияны жүзеге асырады. Мажарстан Мемлекеттік Жиналысы, Ислам ынтымақтастығы Ұйымының Парламенттік Одағы (ИЫҰ ПО) және Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы Парламенттік Ассамблеясы (ҚТЭЫ ПА) ТҮРКПА-да бақылаушы мәртебесіне ие. Осылайша, ТҮРКПА парламенттік бірлестіктер арасында өз ұстанымын нығайтады.

2023 жылғы 23 ақпанда ТҮРКПА мен Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевтің бастамасымен құрылған Қосылмау Қозғалысының Парламенттік Желісі (ҚҚПЖ) арасында екі институт арасындағы Ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

ТҮРКПА бақылаушы мәртебесіне ие ұйымдар – Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының Парламенттік Одағы (ИЫҰ ПО), Парламентаралық Одақ (ПАО), Парламенттердегі бас хатшылардың халықаралық одағы (ПБХХО), Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығының Парламенттік Ассамблеясы (ҚТЭЫ ПА), Азия Парламенттік Ассамблеясы (АПА) және Азиядағы ынтымақтастық және өзара сенімді нығайту шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК).

Сонымен бірге, соңғы он бес жыл ішінде ТҮРКПА көптеген халықаралық ұйымдармен бірлескен қызметті жүзеге асырып, ортақ жұмыс алаңында бірікті.

II. ҚОРЫТЫНДЫ

Парламенттік ассамблеялар Біріккен Ұлттар Ұйымы басқаратын халықаралық қауымдастықты біріктіретін құрылымдар арасында ерекше орын алады. Ассамблеялар сайлау нәтижесінде қалыптасқан азаматтардың ерік-жігері болып табылатын парламенттерге осындай маңыздылыққа міндетті. Осы бағытта ТҮРКПА мүше елдердің азаматтары мен халықтарының жоғары өкілдігімен жаһандық пікірталастарға қатыса отырып, бейбітшілікті, қауіпсіздікті және дамуды қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық күш-жігерге өз үлесін қосады.

Төрт мүше мемлекеттің парламенттерін біріктіретін Ассамблея ретінде ТҮРКПА бүгінгі күні өз елдерінің экономикалық, әлеуметтік-мәдени және заңнамалық әлеуетін дамыту жөнінде елеулі қадамдар жасады. ТҮРКПА көпжақты саяси ынтымақтастық тетіктерін нығайтуға ұмтылады.

Мүше мемлекеттердің Парламенттері мен Үкіметтері Түркі ынтымақтастығының ортақ мақсатына табысты қол жеткізу үшін мүше мемлекеттер арасында елеулі үйлесімділікке қол жеткізу арқылы бейбітшілік, қауіпсіздік және саяси тұрақтылық орнату процесінде

шоғырлануға қол жеткізу жолында ТҮРКПА өңіріндегі барлық салалардағы ынтымақтастықты ынталандыру үшін қолда бар мүмкіндіктерді пайдалануы тиіс.

Мүше мемлекеттер арасындағы парламенттік ынтымақтастық аймақтағы қызметтің тиімділігіне оң әсер ететіні анық. Сонымен бірге, мүше мемлекеттердің заңнамасын жақындастыру интеграциялық процестерді дамыту үшін берік негізді қамтамасыз етеді. Ассамблеяның осы негізде алған күшін ескере отырып, оның болашаққа мүше мемлекеттердің ортақ нысаналы бағдарламасы болып табылатын «Түркі әлемінің болашағы – 2040» тұжырымдамасын тиімді іске асыру процесінде Түркі ынтымақтастығының басқа институттарымен тығыз ынтымақтастықта болуы маңызды.

Жетекші халықаралық форумдар шеңберінде ТҮРКПА-ға мүше елдер бір-бірін өзара қолдайды және олардың ортақ мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша ортақ ұстанымдарды жақтайды. Осы тұрғыда ТүркіПА-ға мүше мемлекеттер делегацияларының жетекші парламентаралық институттардағы тұрақты кездесулері консультациялар мен ортақ мүдделерді қолдаудың пайдалы тетігі болады.

ТҮРКПА Парламент деңгейінде мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың ерекше құралы бола отырып, парламенттік дипломатияны дамытуда және саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салалардағы қатынастар мен ортақ мүдделерді тереңдетуге бағытталған іс-қимылдарды ілгерілетуде маңызды рөл атқарады.